

Т. АБДУКЕРИМОВА

“ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН” ГАЗЕТІ БЕТІНДЕГІ МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР

Сөз мағынасының ең маңызды шарты – оның ұғымының болуы. Әлдебір зат немесе нысан туралы ұғымымыз болмаса, оның мағынасын түсінбейміз. Сөздерді бір-бірінен ажыратып, сөздің жеке дара қасиетін айқындап отыратын *лексикалық мағына*, заттар мен құбылыстардың тура мағынасын беретін атауыш (номинативті) мағына, бір заттың тура мағынасын басқа бір затқа атау етіп ауыстырып қолданатын *ауыспалы* мағына, дербес сөздердің түбірі түрінде танылатын *түпкі* мағына немесе сөздің

кейінгі мағынасын танытатын *туынды* мағына болуы содан. Сөздердің тіркесу сипатына байланысты туып жататын лексикалық мағыналар жайлы белгілі бір дәрежеде түсінігіміз болғанымен, сөздердің заттық-логикалық ұғымнан басқа қалам иесінің көзқарас танымы мен сезімін, көңіл-күйінің грамматикалық сипатын білдіре алатын мағыналарының болуын зерделеп талдау – қазіргі қазақ тілі лексикасының семасиологиясын зерттеушілер ал-

дына бірқатар міндеттер қойып отыр. Әсіресе, тіл лексикасының қазіргі мерзімді басылым беттерінде қолданылуы турасындағы пікірлер сонылығымен құнды.

Мен өз зерттеуіме “Оңтүстік Қазақстан” газетінде мағыналы сөздердің қолданылу аясын зерделеуді нысан етіп алып отырмын. Себебі, оңтүстік өңірі өзіндік тілдік нормалар жүйесі ерекше-леніп қалыптасқан аймақтардың біріне жатады.

Сөз мағынасы ойды ғана білдіріп қоймай, адамның ішкі жан тебіренісін, көңіл-күйін, сезімін сездіреді. Мысалы: “*Отбасында ынтымақ пен бірліктің, бақыт пен шаттықтың шұғыласы, сенімге серік, өмірге көрік берген кәусар көңіл әйел заты табиғатының өзі ең сұлу да шуақты маусым көктеммен үндесіп жататыны бекер емес!*” [1], – деген газет тілшісінің толғанысы бұған дәлел. Осындағы *сенімге серік, өмірге көрік* тәрізді сөздер қалыптасқан арнаулы мағыналарының үстіне ауыспалы мағынаға ие болып, эмоциялық мән беріп тұр. Немесе: “*Жоқ, қайтпаймыз! Тек алға, алға!!!*” [2] – деген сөйлемдегі *қайтпаймыз, алға* деген сөздер кейіпкердің көңіл-күйін аңғартып тұр.

Сөз мағынасының екі түрі бар екені белгілі: *лексикалық және грамматикалық*. Сөздің лексикалық мағынасы тілдің “жалпы семантикалық жүйесінің элементі” [3] болатындықтан, іс-әрекеттің санада бейнеленетін тұрақты ұғымын білдіреді әрі ол сөздің басқа мағыналарының тууына негіз болады. Мысалы: *леген* оңтүстік өңірінде тамақ салатын ыдыс мағынасын білдірсе, көршілес Қызылорда облысында *леген* сөзі, керісінше, қол шайып, жуынды құятын ыдыс мағынасында айтылады. “Оңтүстік Қазақстан” газетінің бетінде жиі ұшырасатын *ністе, бәдірен, шарбақ, дарбаза, дарбыз* сөздерінің тіл жүйесінің ішкі заңдылықтарына сай әр өңірде әрқалай айтылып, жазылатынына куә боламыз.

Сөздің лексикалық мағынасы негізінде грамматикалық мағынасы да туады. Бұл екеуінің арасында тығыз байланыс бар. Мысалы, *інім* деген сөз зат есім, оңаша тәуелдеудің 1-жағында тұр. Ол грамматикалық мағынаға ие болып тұрғанымен, мағыналардың барлығы *іні* сөзінің лексикалық мағынасы ретінде туып тұр.

В.Виноградов сөздің лексикалық мағыналарын *тура* немесе нормативті мағына, *фразеологиялық байлаулы мағына, синтаксисті шартты мағына* деп үш топқа топтастырады [3]. Осы типология күні бүгінге дейін сақталып, жетілдіріліп келеді. Мысалы, атауыш мағына арқылы біз заттарды бір-бірінен ажырата аламыз: *күн, ай, жұлдыз, су, тау*, т.б.

Бұларда зат атауы тікелей айтылатындықтан, тура мағыналы сөздер деп аталады. “Оңтүстік Қазақстан” газетінде газет ресми стиль қалып алғандықтан, сөздердің тура мағынасы жиі қолданылады. Мысалы, *орынды* сөзінің атауыш мағынасы *орынды тілек, орынды әрекет, орынды шешім* түрінде қалыптасқан ұғымы бар сөздердің қай-қайсысымен де байланысқа түсе береді.

Заттың тура мағынасын басқа бір затқа атау етіп ауыстырып қолданудан сөздің ауыспалы мағынасы туады. Сөздің ауыспалы мағынада қолданылуы полисемияның (көп мағыналы сөздердің) тууына негіз болады. “Оңтүстік Қазақстанда” басылған очерктерде, суреттемелерде мұның мысалын жиі кездестіреміз.

Дегенмен атауыш мағыналы және ауыспалы мағыналы сөздерді түпкі мағына мен туынды мағынамен шатастырып алмаған жөн.

Сонымен “Оңтүстік Қазақстан” газетінің мысалында сөздердің лексикалық мағыналарына үнілу арқылы типологиялық жіктеуде мынадай айқындама шығады: а) ресми жарияланымдардағы сөздердің шындық болмысқа қатыстылығы бойынша *атауыш мағына* ауыс мағына, абстракты мағына, меңзеу мағына түрінде көрініс табады; ә) жергілікті диалектіге байланысты сөздердің шығу тегі бойынша *түпкі мағына* туынды мағына, омонимдік, синонимдік, антонимдік мағыналар түрінде қалыптасады; б) көркем-публицистикалық жанрлардағы сөздердің тіркесілімділігі бойынша *еркін мағына* фразеологиялық мағына, синтаксистік шартты мағына сипатында жіктеледі; в) авторлардың жеке стиліне байланысты сөздердің стилистикалық қызметі бойынша *бейтарап мағына* бейнелі мағына, кәсіби-терминдік мағына түрінде көрініс табады.

Сөз мағынасы ішкі және сыртқы себептермен өзгерістерге ұшырайды. Ішкі (лингвистикалық) өзгерістер жаңа мағына сөздік құрамға келіп қосылғанда пайда болады. Ол бұрыннан тілде бар сөздердің мағыналарының өзара қарым-қатынасқа түсуінен көрініс табады. Сөздік құрамға келіп қосылған жаңа мағына тілде өмір сүріп келе жатқан байырғы сөздерге әсер етеді. Бұл сөз мағыналарының кеңеюіне не тарылуына әкеліп соғады.

Сөз мағыналарының кеңеюі негізінен метафоралық, метонимиялық және синекдохалық тәсілдер арқылы жүзеге асады. “Оңтүстік Қазақстан” газетінің қысқа заметкаларында жиі ұшырасатын *табыс, құрылыс, қатынас, байланыс, айналым, құн* сияқты сөздер бұрынғы мағына негізінде жаңа мағынаға

ие болған сөздер.

Ал сөз мағынасының тарылуы түрлі жағдайларға байланысты кейбір сөздердің қолданыстан шығып қалуын білдіреді. Дегенмен, жергілікті диалектіге байланысты “Оңтүстік Қазақстан” газетінде қолдану өрісі, мағынасы тарылған *түлен тұрту, қол бастау, қарындас* сияқты сөздер кездесіп қалады.

Сөзге жаңа мағына қосып, семантикалық өрісін кеңейтіп отыратын тілдік метафора да газет мақалаларында жиі ұшырасады. Мұны кейде дәстүрлі метафора деп те атайды. Мысалы, оңтүстік өңірінің күнделікті тұрмыс көліктерінің біріне айналған мотоцикл, велосипедті түр-сипатына қарай *екі аяқты велосипед, үш аяқты мотоцикл* деп атау қалыпқа енген. Осындағы аяқ сөзі адам мен жануардың жүру-тұру қызметін атқаратын ең алғашқы заттық мағынасы жаңа сапалы элементпен толығып отыр. Бұл “Оңтүстік Қазақстан” газетінің аймақтан жазылған қысқа хабарларында жиі кездеседі.

Тілдік метафораның тұлға ұқсастығына, қимыл ұқсастығына, заттардың қызметіндегі ұқсастыққа, ұғымдардың бір-біріне қатыстылығынан туатын ұқсастыққа байланысты қалыптасқан атауыш мағыналары да бар. Мысалы, *тіл* – адамның тілі, сағаттың тілі.

Іргелестік, шектестік негізінде туатын метонимиялар да бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөздер тобын туындатады. Ауыс мағыналы метонимиялар негізінен қимыл-әрекет нәтижесінің, зат пен оның ішкі мазмұнының, материал мен одан жасалған заттың, іргелес заттық ұғымдардың, жалқы есімдердің бір-бірімен *шектестігі*, жалқы есімдердің қимыл-әрекет атауларымен, сапалық сын есімдер мағыналарының, шығарма аты мен оның ішкі мазмұнының *байланыстылығы* негізінде туады.

Сөздердің семантикалық жағынан түрленуі сөздің сапа жағынан дамығандығын көрсетеді. Сөздің көп мағынаға ие болуы – тілдің байлығы. Ұзақ жылдар бойы өмір сүріп, жаңа сөз жасауға ұйытқы болып келе жатқан байырғы тума сөздер бар. Бұларды біз “Оңтүстік Қазақстан” газетінің беттерінен де жиі кездестіреміз. Әрбір жаңа мағына әр сөздің түрліше сынсыпатынан келіп шығады. Қайсыбір заттың да сапасына не атқаратын қызметіне байланысты жалпы ұқсастықтары болады. Соны адамдар көңілге түйіп, бірнеше ұқсас заттарды бір атаумен атайды. Мысалы, *қанат* – құстардың қанаты, ұшақтың қанаты, киіз үйдің қанаты, балықтың қанаты, саяси пар-тиялар қанаты, т.б.

Сөздің негізгі мағынасы тарихи практиканың негізінде қалыптасады. Ал туынды мағыналары тілдік нормаларды ойлау қабілетіне сүйеніп қолдандануға туады. Демек, өмірдегі әрбір танылған ұғым жаңа атаулармен аталады екен. Сөйтсе де сөздің семантикалық жағынан байып, көбеюіне сөздің ең алғашқы атауыш мағынасы себепші болады. Семантикалық құрылыс неғұрлым күрделі болса, соғұрлым көп мағыналы сөздердің тілдегі атқаратын қызметі байи түспек.

Көп мағыналы сөздер мен омонимдер, бір қарағанда, сыртқы формасы жағынан ұқсас келеді. Бірақ олардың мағынасында елеулі өзгешеліктер бар. Омонимдер біркелкі дыбысталаып, бірақ ұғымы басқа болып келетін сөздер тобы. Көп мағыналы сөздердің бір түрі ғана омониммен тығыз байланысты. Шығу тегі, жасалу тұрғысынан полисемия құбылысымен байланысатын омонимдерді көп мағыналы сөздерден ажырату қиын. Мысалы, малдың көктемгі қырқымнан алынған жүнін жабағы дейді, алты айлық құнанды да жабағы дейді. Осылардың шығу тегінде бір ұқсастық бар. Мұны тіл білімінде полисеман-тизмді омонимдер деп атайды. Бұларды ажырату үшін мағыналық жолдың сақталу тегіне тереңірек үңілеміз. Егер мағыналарының арасында семантикалық байланыс үзілмей тұрса, онда бұл көп мағыналы сөздер болады. Ал, керісінше болса, ол омонимдес сөздерді құрайды.

Омонимдердің жасалу ерекшеліктері көп мағыналы сөздерден ажырата қарауға негіз бола алады. Омонимдер не тілдегі көп мағыналы сөздердің есебінен сөздің семантикалық жағынан дамуы арқылы, не сөздердің фонетикалық өзгерістерге ұшырауы арқылы жасалады.

Синонимдер омонимдерге қарама-қарсы тұрған лексика-семантикалық тілдік құбылыстар. Ол ұғымы бір, бірақ әртүрлі дыбысталаып айтылатын сөздер тобы. Белгілері: сөздердің дыбысталуында тұлғалық өзгешеліктің болуы, сөздердің бір ғана ұғымды білдіруі, сөздердің бір ғана сөз табына жатуы.

Синонимдік қатарды құрайтын синонимнің орнына жұмсалатын мәндес сөздер де бар. Бұл тіл білімінде доминант деп аталады.

Синонимде көптеген стильдік реңктер де кездеседі: қадір тұтып сыйлағандықты білдіретін реңктер, салтанат құру мәніндегі көтеріңкі реңктер, поэтикалық реңктер, дөрекілік мәндегі реңктер, кекесін, мысқыл түріндегі реңктер, менсінбеушілік мәніндегі реңктер. Көп мағыналы сөздердің есебінен, сөзжасам тәсілдері арқылы пайда болған, кірме

сөздер арқылы жасалған, диалектизмдер есебінен жасалған, фразалық тіркестер арқылы пайда болған, табу мен эвфемизмдер есебінен молайған синонимдер де бар.

Сын есімдерден жасалған тағы бір мағыналас сөздер – антонимдер. Ол заттардың сын-сапасын бір-біріне қарама-қарсы қоюдан туады. Түбір күйінде кездесетін, туынды түбір күйінде кездесетін антонимдер бар. “Оңтүстік Қазақстандағы” материалдарды сараптап отырғанда, онда антонимдердің күшті стильдік мән тудыратынын, әсіресе, антонимдердің мақал-мәтелдерде жиі қолданылатынын, антонимдерді қолдануда үш негізгі жолдың бар екендігін аңғардық. Бірде антонимдер бір сөйлемнің ішінде салыстырылып айтылса, тағы бірде іргелес сөйлемде қарама-қарсы қойылып шендестіріледі. Ал енді бірде ыңғайласып, кезектесіп қатар жұмсалады.

Қалай десек те, сөз мағынасы өте күрделі құбылыс. Ол заттық та, ұғымдық та бөлшектерден құрала береді. Тура және ауыспалы мағынаға да ие болады. Демек, тіл байлығы ондағы сөздер мен сөз тіркестерінің қаншалықты толығып отыратынымен ерекшеленеді екен.

ӘДЕБИЕТ

1. *Майлыбаева А.* Еркелігінің өзі ертегі әйелдер-ай! // Оңтүстік Қазақстан. 2001. 8 наурыз.
2. *Иманқұлова М. және Н. Махаббат* деген қандай-ды! // Оңтүстік Қазақстан. 2001. 8 наурыз.
3. *Виноградов В.В.* Основные типы лексических значений слова // Вопросы языкознания. 1953. №5. 10-б.